

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым  
министрлігі

Қазақстан Республикасы Білім  
және ғылым министрінің 2018  
жылғы 2 сәуірдең № 123 бұйрығы.  
Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігінде 2018  
жылғы 4 мамырда № 16860 болып  
тіркелді

Министерство образования и науки Республики  
Казахстан

**«Білім беру үйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын үйымдастыру  
және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан  
Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №  
355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Білім беру үйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын үйымдастыру  
және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан  
Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355  
бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №  
15584 болып тіркелген, 2017 жылғы 7 қыркүйекте Қазақстан Республикасы  
нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған)  
мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсітілген бұйрықпен бекітілген Білім беру үйымдарында қамқоршылық  
кеңестің жұмысын үйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік  
қағидаларында:

1 және 2 - тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Білім беру үйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын  
үйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі –  
Қағидалар) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы  
Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және білім беру  
үйимындарында Қамқоршылық кеңесінің (бұдан әрі - Қамқоршылық кеңес)  
жұмысын үйымдастыру және оны сайлау тәртібін айқындайды.



2. Қамқоршылық кеңес Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери, арнаулы, медициналық және фармацевтикалық оқу орындарына, мемлекеттік емес білім беру үйымдарына, сондай-ақ акционерлік қоғам нысанында құрылған мемлекеттік коммерциялық емес білім беру үйымдарын қоспағанда білім беру үйымдарында құрылады.»;

5 және 6 - тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органы өзінің интернет қорында және/немесе әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында Қамқоршылық кеңестің құрылатындығы және оның құрамы бойынша ұсыныстардың қабылданатындығы туралы хабарландыру қазақ және орыс тілдерінде орналастырады.

Ұсыныстарды қабылдау хабарландыру жарияланған күнінен кейін он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

6. Қамқоршылық кеңестің құрамы Қамқоршылық кеңеске мүше болуга үміткерлердің жазбаша келісімімен алынған ұсыныстардың негізінде қалыптастырылады және тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган ұсыныстарды қабылдау аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде бекітеді.»;

8 - тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ, бір-бірімен және сол білім беру үйымының басшысымен ешқандай туыстық және жекжаттық қатынасы жоқ кемінде тоғыз адамнан құрылады. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды. Қамқоршылық кеңес мүшелері сол білім беру үйымы қызметкерлерінің штатына кірмейді.

Тірек мектептерінде (ресурс орталығы) құрылған Қамқоршылық кеңес өкілеттігі оған бекітілген шағын жинақты мектептерге де таратылады.»;

13 - тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Қамқоршылық кеңестің хатшысы білім беру үйымдары қызыметкерлері арасынан тағайындалады және ол Қамқоршылық кеңестің мүшесі болып табылмайды.

Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңестің дайындығын, өткізілуін, материалдар мен отырыс хаттамасының рәсімделуін қамтамасыз етеді.»;

19 - тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Қамқоршылық кеңестің отырысы қажеттілігіне қарай, тоқсанына бір реттен сиретпей өткізіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің аумақтық департаменттерінің өкілдері оның отырыстарына дауыс беру құқығынсыз байқаушы ретінде қатысуға жіберіледі.»;

21 - тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Білім беру үйимы Қамқоршылық кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа оны беру құқығынсыз ие.»;

31 - тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«31. Қамқоршылық кеңестің мүшесі:

1) өз бастамасы бойынша;

2) отырыстарда себепсіз қатарынан үш рет болмауы себепті Қамқоршылық кеңестің құрамынан шығарылады.».

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (F.C. Жұмашев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен кейін құнтізбелік он  
күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауга  
жіберуді;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Білім және ғылым  
министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік  
тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім  
және ғылым министрлігінің Зан қызметі және халықаралық ынтымақтастық  
департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-  
шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім  
және ғылым вице-министрі Т.І. Ешенқұловқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он  
күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі**  
**«КЕЛІСІЛДІ»**

**Е. Сағадиев**

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары –  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрі

\_\_\_\_\_ Θ. Шөккөев

2018 жыл «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

«КЕЛІСІЛДІ»  
Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

\_\_\_\_\_ Б.Сұлтанов

2018 жыл «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

«КЕЛІСІЛДІ»  
Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және спорт министрі  
\_\_\_\_\_ А. Мұхамедиұлы  
2018 жыл «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

